

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ЕЛ ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛДІ, БИЫЛ ДА АТҚАРЫЛАТЫН ІСТЕР АЗ ЕМЕС

ЕСКЕ САЛСАҚ, ЕЛІМІЗ БОЙЫНША БАРЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕГІ ӘКІМДЕРДІҢ ЕСЕП БЕРУ НАУҚАНЫ АҚПАҢ АЙЫНДА БАСТАЛДЫ. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН ҮДЕРІС БІЗДІҢ АЙМАҚТА ДА ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА, ӘКІМДЕРДІҢ ІСКЕРЛІГІ СЫНАЛАТЫН ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ ЖИЫНДАРЫНДА АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛЫП КЕЛЕДІ. СОНДАЙ-АҚ ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ҰСЫНЫС-ТІЛЕКТЕРІ ТЫНДАЛДЫ. ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫ ЖОЛЫНДА КӨТЕРІЛГЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ӨТКІР САУАЛДАР БОЙЫНША ЖҰМЫСТАНУ КЕРЕКТІГІ ДЕ БАСТЫ НАЗАРДА.



Осы орайда өткен жұма күні түске дейін аудандық мәдениет үйінде Ойыл селосының әкімі Сәндібек Дәулетқалиевтің тұрғындар алдындағы көзекті есеп беру кездесу жиыны өтті. Ойымызды екшеп қарасақ, округ әкіміне жүктелген міндеттер аз емес. Оны осы жиында байқатты. Ойыл селосы, Қаракемер, Ақшатау елді мекендері мен қатар ауданның иегінің астында жатқан Екметалда да село әкімі Сәндібек Дәулетқалиевтің атқарған жұмыстары жетерлік. Оған қоса алдағы атқаратын міндеттері де аз емес. Сондықтан село әкімі аталған елді мекендерде жасалған жұмыстарды тұрғындар алдында жіпке тізгендей айтып берді.

Одан кейін аудан әкімі Асқар Қазыбаев Ойыл ауданының 2021 жылғы өлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2022 жылға арналған міндеттер туралы есебін берді.

Тарқатып айтсақ, өткен жылғы есеп беру кездесулерде аудандық маңыздағы автокөлік жолдарын жөндеу, елді мекендерді ұялы байланыспен қамту, типтік үлгідегі спорт алаңдарын салу және өлеуметтік нысандардың материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері жөнінде 10 мәселе аудан деңгейіндегі іс-шаралар жоспарына енгізіліп, толық орындалып отыр. Оның ішінде 7 елді мекеннің кіре беріс автокөлік жолдарына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттары дайындалып, көшелерді жарықтандыру, елді мекендерді абаттандыру бағыттарында айтарлықтай жұмыстар атқарылған. Жыл сайын ауданның келбеті жақсарып, санитарлық тазалығы да артып келеді.

Сондай-ақ, мардымды жүзеге асқан межелі істерге шолу жасасақ, аудандық маңыздағы автокөлік жолдарын

орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жол сапасын бақылау мақсатында қабылдау уақыты келесі жылға қалдырылды. «Шұбарши ауылына кіре беріс» 0-15,2 км автокөлік жолын орташа жөндеу жұмыстары аяқталу сатысында.

Қайыңды ауылына кіре беріс 0-26,960 км» автокөлік жолына орташа жөндеу жұмысына жобалау-сметалық құжаттары жасақталып, 712 млн. 136 мың теңге қажетті қаржыға облысқа бюджеттік өтінім беріліп, конкурс берілуде. Оған қоса аудандық маңыздағы Бестамқар, Ақкемер, Кемер, Қаракемер ауылына кіре беріс, Ақшатау-Қаракемер, Құмжарған, Екметал ауылына кіре беріс автокөлік жолына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалау сметалық құжаттары жасақталып, сараптамадан өткізілуде. Көшелерге асфальт төсеу жұмыстары жалғастырылып, 2021 жылы

аудан бойынша 426,0 млн. теңгеге 11,25 км 14 көше асфальтанды. Биыл аудан ішіндегі 6 көшеге асфальт төсеу міндеттері күтіп тұр.

Тұрғын үй құрылысы бойынша атқарылып жатқан шараларға көңіл тояды. Құрылыс жұмыстары бойынша жеке секторда 8568 шаршы метр 53 тұрғын үй және жалпы сметалық құны 161,0 млн. теңге құрайтын 1891 шаршы метр екі қабатты екі сегіз пәтерлі жалдамалы-коммуналдық тұрғын үйлер іске қосылып, өткен жылмен салыстырғанда 113,4 пайызға өскен.

Аз қамтылған, көп балалы отбасыларға елді мекендерден тұрғын үй сатып алып беру мақсатында Республикалық бюджеттен 16,7 млн. теңге қаражат бөлініп, Көптоғай, Кемер, Ақшатау, Ойыл, Қаракемер, Бестамқар, Қарай ауылдарынан 7 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Біздің аудан негізінен ауыл шаруашылығымен айналысады. Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы осы сала бойынша да атқарылған жұмыстарға кеңірек тоқталып, шаруа баққан жандарды мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, мал басын көбейту, асылдандыру сынды шараларға өлі де белсенділік таныту керектігін баса айтты.

Есеп беру баяндамасының соңында аудан басшысы «Құрметті аудан тұрғындары, 2021 жылғы ауданның өлеуметтік-экономикалық дамуындағы қол жеткен жетістіктер-біздің ортақ жемісіміз»,- деп сөзін түйіндеді.

Ауданның өркендеуіне үлес қосқан баршаңызға ризашылығымды білдіре отырып, алдағы есептік кездесулерде аудан халқының ауданның өлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуге белсенді қатынасуға шақырамын», - деп сөзін түйіндеді.

Р.С. Аудан мен село әкімінің есеп беру жиынына қатысушылар алда қандай міндеттер мен ауқымды жобалар атқарылатынын хабардар болып ғана қоймай, қойылған сауалдарына толыққанды жауаптар алды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ҚАРАТАЛ АБАТТАНДЫ, КӨПТОҒАЙ КӨРКЕЙЕДІ

Өдеттегідей биыл да аудан әкімінің есеп беру кездесуі ақ тарының атасы Шығанақтың ауылынан басталды. Алдымен ауыл әкімі Әділбек Ізбасов тұрғындарға округ аумағында өткен жылы атқарылған жұмыстарды баяндап, алдағы міндеттерді жеткізсе, аудан әкімі Асқар Қазыбаев негізінен биылғы жылы атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

Жыл соңында округ орталығы Қаратал селосына көгілдір отын құбыры қосылды. Алайда, айта кету керек, Қараталдағы 236 үйдің 50 шақтысы ғана газ құбырын қосты. Өздері асыға күткен газды қосуға тұрғындардың асықпай отыруының негізгі себебі - тұрғын үйдің құжатындағы қателіктер. Яғни, уақытында мән бермеген немқұрайлылық.

Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлының айтуынша, өткен жылғы кездесулерде тұрғындар тарапынан көтерілген аудандық маңыздағы автокөлік жолдарын жөндеу, елді мекендерді таза ауыз сумен, ұялы байланыспен қамту, типтік үлгідегі спорт алаңдарын салу және өлеуметтік нысандардың материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері іс-шаралар жоспарына енгізіліп, толық орындалды. Оның ішінде аудандық бюджеттен 7,2 млн. теңге бөлініп, жалпы сметалық құны 763,2 млн.теңге тұратын 6 елді мекеннің кіре беріс автокөлік жолдарына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттары дайындалып, Ойыл ауылдық округінің Қаракемер, Ақшатау елді мекендері ұялы байланыспен қамтамасыз етіліп, 268,5 млн.теңгеге 6 елді мекен таза ауыз сумен қамтылып, 28,0 млн. теңгеге 4 елді мекенде типтік үлгідегі жасанды-жамылғылы спорт алаңдары салынып пайдалануға берілді.

Ауданға инвестиция тарту негізінен шаруашылықтардың мемлекеттік бағдарламаларға қатысуы арқылы жүзеге асып жатыр. Мәселен, бір ғана «Еңбек» бағдарламасы арқылы «Ауыл шаруашылық қаржылай қолдау» қорынан 52 жоба бойынша 272,0 млн.теңге несиеленсе, «Қарапайым заттар экономикасы» жобасы аясында «АгроБизнес», «Іскер» бағдарламаларымен қолдау көрсетіліп, 7 жоба бойынша 276,0 млн. теңге көлемінде несиеленсе. Ал, ауыл шаруа-



шылығы өнімдерін өңдеу саласындағы Саралжын ауылдық округіндегі «Ербазы» шаруа қожалығы 70 бас сауын сиырмен тауарлы сүт фермасын ашса, Ойыл ауылдық округіндегі «Тұлпар» шаруа қожалығы 17 бас аналық жылқымен қымыз өндірі.

«Еңбек» бағдарламасы аясында еңбектің көзін іздеген 84 адам «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқыса, жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыру үшін 71 адамға өз ісін ашу үшін 41млн. 420,8 мың теңге көлемінде мемлекеттік грант берілді. Биылғы жылы болса, бұл жоба бойынша қаражат екі есе ұлғайтылып отыр.

«Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы аясында 37 жоба бойынша 110,6 млн. теңге несиеленсе, Сонымен қатар, 2 кәсіпкерге жылыжай және алма бағы үшін 7 млн. теңге грант берілді. Биылғы жылы болса, бұл жоба бойынша қаражат екі есе ұлғайтылып отыр.

Жалпы, өткен жылы мемлекеттік бағдарламалар аясында аудан бойынша кәсіпкерлікті дамытуға 389,0 млн.теңге несиеленсе. Бюджеттен тыс жеке қаржылармен 853,0 млн.

теңге инвестиция салынып, 1 жанар-жағармай құю стансасы, 1 монша, 5 тамақтану орындары-дүкендер, 1 балалар ойын орталығы салынып, іске қосылды.

Ал, мемлекеттік тарапынан бөлінетін қаражатқа тоқталар болсақ, биыл Қаратал ауылында спорт зал ғимаратын салу үшін облыстық бюджеттен 262,7 млн. теңге қаржы бөлініп отыр. Сондай-ақ, Көптоғай ауылында 4 көшеге асфальт төсеу үшін республикалық бюджеттен 158,7 млн. теңге бөлінсе, Көптоғай ауылдық округінің Қарасу және Шұбарши ауылдарына орталықтандырылған ауыз су құбыры құрылысы үшін жобалық-сметалық құжаттары дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өтуде. Сонымен қатар, Көптоғай ауылында ауылдық округке заманауи үлгідегі әкімдік пен хоккей кортын салуда биылғы жылдың еншісінде.

«Абаттандырылған ауыл» бағдарламасы арқылы биылты Қараталда көп жұмыс атқарылса, биыл Көптоғайды көркейтуге күш салынбақ. Тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға келер болсақ, Қараталдағы кездесуде

еңбек ардагері Мәтжан Сембіғалиев ауылдағы амбулаторияның бала күтімімен отырған дөрігерінің орнына уақытша дөрігер қажеттігін алға тартып, жедел жәрдем көлігін жаңғыртуды ұсынса, ауыл тұрғындары Ерсултан Максимов ауылға балалардың ойын алаңы қажеттігін айтады. Ал, Кенжебай Ақниязов Ойылмен екі арадағы жолды қыс мезгілінде тұрақты тазалауды өтінеді.

Көптоғайдағы кездесуде де алдымен ауыл әкімі Ерлан Асылбаев өткен жылдың жемісін сараласа, аудан әкімі алдағы міндеттерді баяндады. Көп жылдан бері көгілдір отынды күтіп отырған ауыл тұрғындары болса, «жыр болған» жолдың жайы мен тарылып бара жатқан малдың өрісін айтады.

Екі ауылда да тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға ауыл әкімдері мен аудан басшысы және көтерілген мәселелерге орай мекеме басшылары жауап берді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл – Қаратал –
Көптоғай – Ойыл.

ҚҰРМЕТТІ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

2022 жылғы 19 ақпан күні сағат 15.00-де Ойыл ауылы, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында Ойыл ауданының әкімі А.Қ.Қазыбаевтың Ойыл ауданы тұрғындарымен кездесуі өтеді. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес бетперде режимін сақтай отырып, «Ashuq» қосымшасы арқылы кіру жүзеге асырылады.

Аудан тұрғындарына ыңғайлы болу үшін **oiyl_akimat** инстаграмм желісінде кездесудің тікелей трансляциясы ұйымдастырылады.

Ойыл ауданының әкімдігі

ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМ АДАЛ ЕҢБЕКПЕН ҚҰРЫЛАДЫ!

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде «Адал еңбек ету – бізмізге ортақ міндет. Өкінішке қарай кейбір жастар маңдай терін төгіп, жұмыс істегісі келмейді. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргенді жөн көреді. Өйткені, олар бізде адал еңбек лайықты бағаланбайды деп ойлайды. Жастар бастықтар мен ауқаттыларға жақын жүретін түрлі алаяқтардың, жемқорлардың шалқып өмір сүріп жатқанын көріп отыр. Тіпті, соларға қарап бой түзейтін болды. Қоғамда табысқа жетудің төте жолы осы деген қате түсінік орнығуда. Оған қоса, тағы бір жағымсыз үрдіс бар. Кейбіреулер адал еңбекпен жетістікке жететін мүмкіндік жоқ екенін көрген соң еш ерекетсіз қол қусырып отырады. Жұмыс істеудің орнына жақындарына да, мемлекетке де масыл болуда. Өзіне жәрдемақы мен жеңілдік талап етіп, алақан жаюдан арланбайды. Тіпті, жергілікті билікке қоқан-лоқы көрсетуден де тайынбайды. Ұлтты жегідей жейтін осы кеселдер елімізді кері тартуда. Министрден малшыға, қаржыгерден қара жұмысшыға дейін ерқақсымыз бұл туралы терең ойлануымыз керек. Тиісті қорытынды жасап, дұрыс

өрекет етуіміз қажет. Сонда ғана біз өркениетті қоғам құра аламыз» - деген болатын. Шын мәнінде қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Бүгінде жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеяларымен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне барша үлес қосуы керек. Ендеше, еліміздің ертеңгі болашағы жастарды бүгіннен бастап тәрбие алуы мен отан сүйгіштік қасиеттерінің дамуына ықпал жасау қажет. Ең уәлі жастар бойына рухани – адамгершілік, саяси интеллекті, құқықтық тәрбие басым болған жөн. Жастар жас шыбық сияқты. Қалай исең солай иілуге өзін. Сол себепті жастардың ойын да, бойын да түзу есіруге халықтың басты парызы. Жастар – жердің, елдің иесі, қазақ елінің рухани тәуелсіздігінің биік тұғыры.

Өрбір жас жүрек өзінің туған Отаны – Қазақстанның жанындай сүйіп, танып, оған табынып өсуі қажет. Сонда ғана жас ұрпақ бойында патриоттық сезім уялап, келешегіміз кемелдене түспек.

Ақбота ТАЛҒАҒҒЫЗЫ,
Ойыл аудандық ішкі саясат,
мәдениет, тілдерді дамыту және
спорт бөлімінің маманы.

САРБИЕ МЕН ҚАРАОЙДА ЖЫЛДАҒЫ «ЖЫР» - ЖОЛ МӘСЕЛЕСІ!

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ САРБИЕ, ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРГІ ӘКІМДЕРІНІҢ ЕСЕПТЕРІН ТЫНДАП, ТҮРҒЫНДАРДЫҢ АЛДЫНДА ӨЗ ЕСЕБІН БЕРДІ.



Толығырақ тарқатсақ, Сарбиеде бытыр ауыл әкімінің алға қойылған міндеттері толықтай жүзеге асып отыр. Округ көшелері жарықтандырылып, 4 көшеге асфальт төселген. Сондай-ақ жол белгілері орнатылып, жаяу жүргіншілер жолы салынған. Оған қоса қоқыс жөшіктері орнатылып, тазалыққа баса мән берілген. Ауыл тұрғындарының көңіл күйлері көтеріңкі. Малмен берекесі тасыған ауылда жаңашылдық, болашаққа деген ұмтылыс байқалады. Есептік кездесу жиынында округ әкімі Дәурен Бисебаевтың іскерлігін ауыл тұрғындары кезекпен кезек айтып, ризашылықтарын білдірді. Сонымен қатар, ауыл балаларына сырғанақтар жасап, Сарбие жастары спорт залына жылу жүргізіп беруге ұсыныс жасады. Шалғай ауылдағы халықтың ұсынысін ілемде бей-жай қарамаған округ әкімі биылша ауылдағы балалардың мектептің жанындағы хоккей-кортына келіп ойнауға болатынын жеткізіп, жастар спорт залының жылу жүйесі ретке келтірілетінін атап өтті. Тек басты мәселе - қысқы қатынаса, яғни жолдың қиындығы. Одан басқа Сарбие ауылдық округі соңғы екі жылда өлеуметтік-экономикалық дамуда елеулі нәтижелерге қол жеткізді.

Барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындар алдындағы есеп беру кездесулері сол күні түстен кейін Қараой ауылдық округінде жалғасты. Мұнда да алдымен округ әкімі Айбек Сұлтанов округ көлемінде атқарылған жұмыстарды тарқатты. Қараойда бірсыпыра жұмыстар атқарылған. Оның айшықты көрінісі - ауылдық округтің 3 көшесі асфальтталып отыр. Бұрын-соңды асфальт көрмеген ауыл көшелерінде көктем айларында жол

құралын жүргізу жақсарды деген сөз. Бұл дегенің - бір сөзбен айтқанда, ауыл адамдарына мемлекет тарапынан қамқорлық бәсеңдемейді деген сөз. Әрі қарай жалғасақ, «Жиенбек» шаруа қожалығының төрағасы Сансызбай Жұмабаев жеке тұрғындардың малын бағып беруді ұйымдастырып отырғандықтан, жер көлемін ұлғайтып беруге ұсыныс айтса, осы секілді бірнеше шаруашылықтар жерге қатысты жеке сауалдарын да жиын үстінде қойды. Жерге қатысты сауалдарға жергілікті билік өкілдері тарапынан алдағы уақытта зерттеліп, зерделеніп, заңды тұрғыда шешімін табатындығы айтылды.

Қараойлықтардың атынан түскен толғақты мәселе газ боллонды 80 теңгеден жасаған. Соның себебін аудан басшысынан тікелей түсіндіріп беріп, ауылға деріхана (аптека) ашып берсе деген тілегін жеткізді.

Әр сала бойынша Сарбие, Қараой ауылдық округтеріне қатысты мәселелерге мән берген аудан басшысы өз баяндамасында аудан бойынша атқарылған межелі істерге тоқталып, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру бойынша нақты тапсырмалар беріп, ауылдық округ әкімдеріне тиісті мекеме басшыларымен бірлесе отырып, көтерілген өзекті бағыттар бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды. Тұрғындардың сауалына толық жауаптар берілген соң, аудан басшысы азаматтарға жеке қабылдау өткізді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Сарбие-
Қарай-Ойыл.

ҚАРАЛЫ ХАБАРДЫ ЕСТІРТЕ БІЛЕМІЗ БЕ?

О бастан халық тарихымен егіз өріліп келе жатқан көне дәстүр – қазақтың қайғы-қасіретке байланысты салттары. «Орыстанып кеттік» - деп, қанша жерден өзімізді-өзіміз сөксек те, ата-бабамыздан бермен қарай сақталып келе жатқан салт-дәстүрлеріміз ұмытыла қойған жоқ. Қазақ халқы ешқашан далада қайтыс болған адамды шаңырағына бірден шалқайтып өкелмеген, еш-уақытта ет-жақын бауырлары өлген кісіге «бөленше өліп қалды» деп төбеден қойғандай, сарт еткізіп айтпаған. Жөн танып, жоба білетін ақсақалдар қаралы хабарды топталып, жиналып келіп алыстан орағытып, өріден қозғап, аса шеберлікпен жеткізе білген. Қабақтары түксиген бір топ сыйлы адамның аяқ асты сау ете қалуының өзі бір жаманат хабардың белгісіндей көрінері анық. Төрге озған соң, олар төтесінен бастамай, түрлі өңгімелер айтып, арасында тұспалдап, қаралы хабарды жеткізген. Бүгінгідей интернеті жоқ біздің жас күнімізде шалғайдағы ағайынмен тілдесетін жалғыз байланыс құралы тек почтадағы телеграф жүйесі еді. Өңгіме өзегі етіп отырған тақырыпқа орай сол күндерден бір оқиға есіме түсіп отыр. Жұмыстан шығып, үйге жақындай бергенімде алдымнан шыққан таныс келіншек: «Естідің бе, Аманғалиевтерге қаралы қағаз келіп,

Гүлжан қысылып жатыр» - деді. Екі өкпемді қолыма алып, жүгіріп барсам, Гүлжан есін жинай алмай жатыр екен. Көрші-көлем түгел жиналып, аяқ-қолын уқалап, үйме-жүйме. Сөйтсе, телеграфтың қыздары Гүлжанға туған інісінен қаралы хабар келіп тұрғанын төбеден түскендей қып телефон арқылы естіртті. Екі ауыз сөзге келе алмаған Гүлжан сол жерде ес-түсін білмей құлап қалған. «Жыртық үйдің Құдайы бар» - деген, сол уақытта үйіне кірген көршінің қызы көршілерге хабарлап, Құдай сақтаған. Мысалы, әйгілі Шоқан Уәлиханов қайтыс болғанда Тезек төре оны Шыңғыс сұлтанға елдің басты адамдары арқылы былай естіртеді: Тезектің суыт хабарлауы бойынша, Атығай Келдібек би мен Өлібек батыр көп нөкер ертіп, Шыңғыс ханның үйіне келіп түседі. Келсе, сұлтан іштей сескеніп отыр екен. Келдібек би ойлы пішінмен жадырай сөйлеп: - Төре, дүниеде не қымбат? - дейді. - Адам қымбат, - депті Шыңғыс. - Адамға не қымбат? - Бала қымбат, егер сүйеніш қылар перзент туса... - Жансызда не қымбат екен? - Жансызда қымбат гауһар деуші еді? - Теңіздің түбінде жатқан сол гауһардың да иесі бола ма?

- Ее, иесіз дүние бар дейсің бе? Әр нәрсенің екі иесі бар дейді ғой. - Егер осы жанды-жансыз ең қымбаттыға екі иесі таласса, қайсысы алар еді? - дегенде Шыңғыс төре: - Ең күштісі алады,-деп санын өзі соғыпты да: - Менің гауһарым – Мұхаммед Қанапияға тағдырдың оғы тиген екен ғой, - деп өкіре жылап, жер бауырлап жатып қалыпты, – дейді, ел аузындағы өңгіме. Қалыптасқан дәстүр бойынша әрбір бас көтерер азаматтың қаралы үйге келіп, қаза иелеріне көңіл айтуы мұсылмандық, бауырлық парыз саналады. Марқұмға топырақ салып, жерлеуіне қатыса алмаған адамдар қайтыс болған адамның жылы өткенге дейін арнайы келіп, Құран оқып, дұға қылып, көңіл айтады. Көңіл айтудың өзі адамға қаншалықты күш-қуат беріп, қайғылы көңілді бүтіндейді!? Көңіл айту қайдан шыққан? Мифтер мен аңыздарға сүйенсек, Қабыл Өбділі таспен ұрып мерт қылады. Ұлынан айырылған Адам Ата басын көтермей, жер бауырлап жатып қалады. Хауа Ана екеуі қайыдан қан жұтады. Ұлық Алла періштелерге: «Адам мен Хауаны жұбатыңдар, көңілдерін демеп, жандарына медет болыңдар. Сабырға шақырып, менің мейірім-шапағатымның мол екенін

жеткізіңдер» - дейді. Жебірейіл бастаған барлық періштелер Адам Ата мен Хауа Анаға келіп, көңіл айтады. Алланың шексіз мейірім-нұрын жүректеріне құяды. «Алла ақырын берсін, жақсылық пен игіліктен күдер үзбейдер», - деп жұбатады. Бұл жайында қара өлең нұсқасында: Адам Ата – Хауа Ана – түп анамыз, Жалғанды бүйтіп жүріп жұбатамыз. Содан бізге қалыпты мирас болып, Өлгенге көңіл айтып, жұбатамыз,- деген шумақтар қалыпты. Көп кешікпей Алла екеуіне Шиш атты ұлды нәсіп етеді. Өбілге қатты ұқсайтын сәбиді көріп, екеуі көңіліндегі қайғы, шер-мұңды жойған екен. Тап қазіргі уақытта өлімді көп естіп, көріп, етіміз өліп кеткендей. Әйтсе де, «тас түскен жеріне ауыр» деп, қаралы үйдің көңіліндегі қайғыны жеңілдету біздің адамдық борышымыз. «Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ» - деп, аза тұтқандарға тоқтау айтып, қайрат беріп, артынан иман тілеген ата-бабаларымыздың мирас салтымызды сақтап, кейінгі ұрпақтарымызға жеткізу, артында қалғанға береке сұрау – қай-қайсымыздың да міндетіміз.

Ғазиза РАХМЕТОВА,
Ақжайық ауылы,
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

АЛАЯҚТЫҚ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУІМІЗ КЕРЕК?

Алаяқтық – бағзы заманнан бері адамзат баласымен бірге жасап келе жатқан қылмыстардың түрі. Ол тек қоғамның жағдайына байланысты түрленіп, дамып, жаңа сипатта көрініс табады. Алаяқтықтың қазіргі уақыттағы жаңа бір сипаты – ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты өмірге келген интернет-алақтық болып отыр және оның түрлері де уақыт өткен сайын кең таралып, көбеюде.

Ақпараттық жүйені пайдаланып, алдау, арбау арқылы ақшалы болудың ең көп таралған жері – сауда-саттық маңы. Сондай-ақ, «WhatsApp» мессенджері арқылы чат құрып, тез байып кетудің айла-тәсілдерін көрсете отырып, әртүрлі көлемде салған ақшаларын бірнеше есеге арттырып беретіндерін жарнамалап, нәтижесінде адамдар пайыздап алатын ақшаларын айтпағанда, өздерінің салған қаражаттарынан да айырылып қалып жатады. Өкініштісі, кейбір тұлғалар мұндай чаттардың күмен тұдыратынын біле тұра, тәуекелге бел буып, өз қаражаттарын салып жіберіп жатады.

Бұл тек интернет алаяқтықтың бір ғана түрі. Кейінгі кезде алаяқтардың «Сіздің нөміріңіз бір ұтыста жеңімпаз атанды» деп кез-келген кездейсоқ абоненттік нөмірге қоңырау соғуы

немесе SMS-хабарламалар жіберуі жиіліп кеткен. «Жүлдені сіздің абоненттік нөміріңіз кездейсоқ таңдау арқылы жеңіп алды» - деп, ұтысты жеткізіп беру үшін тауарға қосылған құн салығын ғана төлеу қажеттігін айтып, белгілі бір шотқа ақша қаражаттарын аудартып алып, кейіннен ұтыс та, шотқа салған ақша қаражаты да «жүлдегерге» қайтып берілмейді.

Алаяқтардың айла-тәсілдері мұнымен шектелмейді. Айта кетерлік жағдай, интернет алаяқтықтың көпшілігі трансшекаралық сипатқа да ие болады. Яғни, бір қылмыстық істе қаскүнем басқа өңірде, кейде тіпті басқа мемлекетте де жүруі мүмкін. Сол себепті, қылмыстың бұл түрін ашуға бірталай уақыт жұмсауға тура келеді. Сондықтан, интернет алаяқтардан сақ болудың қарапайым қауіпсіздік шаралары ретінде дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламауды, белгісіз өрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеуге, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмауға, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпауға, кез келген сілтеме бойынша өтпеуге, спам хабарламаларға сенбеуге шақырамыз.

Ойыл ауданының прокуратурасы

МАЛДЫҢ ЖАЙЫЛЫМЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНСАҚ...

Ойыл ауданы ауылдық округтері бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды жүзеге асыру үшін Ойыл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 тамыздағы «Ойыл ауданы бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы» №70 шешімі өткен жылдан бастап қолданысқа енгізіліп, округтерге басылыққа алып жүзеге асыруға жолданды.

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету, жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданды және ауыл шаруашылығы жануарларын жаю дәстүрі ескерілді.

Ойыл ауданының жалпы жер көлемі 1145686 гектарды құрайды, оның 1025182 гектары жайылым алқабы болып есептеледі. Бүгінде осы жайылымдық жерлердің 1004239 мың гектары қолданыста 9855 га босалқы жерлер санатында.

Қазірде аудандағы 22 елді-мекен, оның ішінде 7 ауылдық округте, мал шаруашылығымен айналысатын 22 – заңды тұлғалар мен 323 - шаруа қожалықтары жұмыс жасайды. Сонымен қатар, 2100 жеке отбасы төрт түлік мал ұстап, өнімдерін өз игіліктеріне жаратып отыр. Оларда 42724 бас мүйізді ірі қара, 134281бас қой-ешкі, 16010 бас жылқы және 82 бас түйе малы бар.

Осы малдың 60 пайызға жуығы ауыл маңындағы жайылымдарда бағылуда. Бұл дегеніміз - табиғи шөптердің сиреуіне және мал тұяқтарымен жердің беткі қабатының бұзылуына, яғни жерді эрозияға ұшыратуға алып келіп отыр. Мұндай «тұяқкесті», яғни тапталған жайылымдар ауданда жүздеген гектарды алып жатыр. Өсіресе, жайылымдардың тарлығынан эрозияға ұшырап шаңы шыққан, тақыр жерлер негізінен елді мекендер мен малды суаратын аймақтарда көп орын алады.

Аудан жайылымдарына жалпы сипаттама жасайтын болсақ, олардың өнімділігі тұрақты емес, жауын-қардың аз-көптігіне қарап, өр жылдарда

өзгеріп отырады. Шөбінің өнімділігі, қырлықта өр жылдың ауа райының жағдайына қарай, гектарына 1,5-3,5 центнер шамасында болады. Жайылым шөбінің аздығы және маусымдап пайдаланылатын жайылымдардың бытыраңқылығынан, малды алыстағы көктемгі, жазғы және күзгі-қысқы жайылымдарға жаюды керек етеді. Кей жылдары қыстың жұмсақтығына қарай, шаруашылық құрылымдарының малдары көбінесе жайылымда болады. Негізінде, ауылдық округтерде төрт түлік малдың басым көпшілігі ауылда қолда ұсталып, жылына алты-жеті ай бойы ауыл маңында жайылады, яғни мал ауылдан 2-3 километрден қашыққа ұзамайды. Қазірде бұл жерлердің басым бөлігі іс жүзінде бүлінген, өрі тозған. Себебі, халықтың жеке ауласындағы мыңнан астам малы мен алыс жайылымға көшпейтін шаруа қожалықтарының малдары осы жерде ұсталады, тиісінше бұл аймақ-тағы малдың тығыздығы қолданыстағы шектеулі мөлшерден (нормативтен) жоғары болып отыр.

Ауыл шаруашылығын жекешелендіру кезінде ауылдан шалғай жатқан бұрынғы кеңшарлардың жайылымдары бос қалды, олардың орнында қалған жауапкершілігі шектеулі серіктестікке, өндірістік кооперативтерге өтіп кетсе немесе қыстақтарында отырып қалған, шаруа қожалығын құрған тұлғаларға заманның ағымына қарай есепсіз берілу салдарынан қазіргі таңда жаңадан ашылатын шаруашылық құрылымдарына, сонымен қатар мал басының өсуіне қарай кейбір ауылдық округтерде жайылым жетіспеушілігінің күрделеніп бара жатқандығы байқалады. Ал аудан бойынша жоғарыда айтылғандай, жайылым алқаптарының ретсіз, жоспарсыз бөлінуінен, иеліктеріндегі мал басына шаққанда жер көлемі артық жер пайдаланушылардан пайдаланбай отырған жерлерін босалқы жер қорына қайтару бүгінде күн тәртібіндегі мәселеге айналып отыр.

Қазіргі уақытта, ауыл аумағындағы жайылымды пайдалану тәртібінің сақталмауынан және малдың шамадан тыс көп шоғырлануынан, күтім-меуінен, мал азықтық өсімдіктер қоры жылдан-жылға азая беруде. Мұның салдарынан, ондай жайылымдарды мал жемейтін шөптер есекмия, итси-

гек, сүттіген, адыраспан, шоғайна сияқты тағы басқа ірі сабақты өсімдіктер басып барады. Сондықтан, қазіргі кезеңде мал басы жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің шекті рұқсат етілетін нормасынан артық ауылдық округтерге малдарын бағу үшін суаратын суы бар шалғай жайылымдарда бағуды және ол жайылымды екі учаскеге бөліп, бағуды ұйымдастыру қажет. Оларды кезек-кез тіпті пайдалану, яғни ауыстырып пайдалану (бірінші учаске - бірінші жылдың алғашқы жаю кезеңінде, екінші учаске - жаю кезеңінің ортасынан аяғына дейін) өсімдікті қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бұл қарапайым ғана жайылым айналымы жеке меншік иелерінің өрістерін жаңарту қажет екендігіне көздерін жеткізіп, жерді одан өрі маусымдық пайдалануға жол ашады деген ойдамыз.

Жалпы, ғылыми тұрғыда негізделген тәжірибеде жайылымдардың өнімділігін ұзақ жылдар сақтау үшін жайылым пайдаланушылар үш негізгі талапты ескеру қажет:

1. Жайылым учаскелерінде малдың мөлшерлі санын сақтау;

Айдау үшін жасы, жынысы, қондылығы бірдей сау ауыл шаруашылығы жануарлардан үйірлер, отарлар, табындар жинақталады. Ауыл шаруашылығы жануарларының саны: қойлар мен ешкілер 600-800 басты, ірі қара малы 250 бастан аспайтын мөлшерді, жылқылар 200 бастан аспайтын мөлшерде, түйе 120 бастан аспайтын мөлшерді құрайды.

2. Жайылымды пайдаланып болғаннан кейін жалпы өнімнің 30-40 пайызы сақталуы тиіс. Жайылымда мал жайылып болғаннан кейін, өсімдіктің биіктігі 4-5 сантиметр болуы қажет. Себебі, аласа өсімдіктің мал түгелге жуық жапырағын жеп қояды да, қысқа қарай олардың қоректік заттар қоры аз қалады. Кейде қыста үсіп кетеді, ал аман қалғандары көктемде қайта көктегеннен, оттық сапасы нашар болады;

3. Мал жаю мерзімін қатаң сақтау. Мал жаюды көктемде, шамамен, көп жылдық шөптер бой көтеріп, олардың көбі түктену (астық тұқымдастар), енді біреулері бұтақтану (жартылай бұталар) кезеңіне жеткен соң 10-12 күннен кейін бастау керек.

Осы ережелерді сақтамау жайы-

лым өнімінің келер жылы күрт төмендеуіне өкеп соғады.

Аудандағы 22 елді мекендер бойынша барлық жер көлемі 407134 мың гектар, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықтың мал жайылымы 395687 мың гектар. Ал, осы жайылымды елді мекендердегі жеке қосалқы малының өр басына тиісті мөлшер бойынша есептегенде: Ойыл а/о 48447 га, Қараой а/о 14334 га, Сарбие а/о 8203 га және Ш. Берсиев атындағы ауылдық округінде 2352 га барлығы 73336 га елді мекен тұрғындарының мал бастарының өсуінен, сонымен қатар елді мекендердегі бекітілген жайылымдық жер көлемінің аздығынан жайылымға деген қажеттілік туындап отыр.Ойыл ауылдық округіне келетін болсақ аудан көлеміндегі халық көп шоғырланған, шаруашылық субъектілерінің саны жоғары аймақ, аудандағы мал басының төрттен бірі яғни 23,2 пайызы осы округтің енішінде, елді мекендердегі жайылымдық жер көлемі,барлығы 61305 га, оның ішінде Ойыл селосында 31914 га, Ақшатау елді мекенінде 15538 га, Қаракемер елді мекенінде 8610 га және Екпетаал ауылында 5243 га алқапты құрап отыр.

Қараой ауылдық округінің шаруашылық құрылымдары бойынша берілген жүктемеге сәйкес мал басына шаққанда 21076 га жайылым алқаптары артық, жеке тұрғындардың ауыл шаруашылық жануарларына қажет жайылым көлемін округтегі босалқы жерлерден және пайдаланылмайтын шаруашылық субъектілеріндегі қайтарылатын жер көлемінен елді мекендердегі жайылым көлемін ұлғайтуға негіз бар деп есептеуге болады. Сарбие ауылдық округі аудан көлеміндегі мал басы саны жағынан алдыңғы қатардағы аймақ, Жылдан жылға мал басының көбеюуінен округтегі жеке тұрғындар мен қатар шаруашылық субъектілеріне де жайылым көлемі таршылық етіп отыр. Қазіргі таңда «жайылымдардың жалпы аласаң түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормаларына сәйкес, жеке тұрғындар мен шаруашылық субъектілеріне 23539 га жайылым алқабына деген қажеттілік туындап отыр. Ойыл, Сарбие ауылдық округтеріндегі мәселені «Жайылымдар

туралы» Заңның 10 бабының 3,5 тармақтары, 15 бабының 3,4 тармақтарын басшылыққа алып шешуге болады деп ойлаймыз. Осындай жайылым алқаптарына деген қажеттіліктерді саралай келе, әрбір отбасындағы күнделікті қолданыстағы мал басынан (аналық) басқа малдарды түріне, жасына қарай мал дәрігерлік талаптарға сәйкес, маусымдық және шалғай жайылымдарға біріктіріп, топтастырып шығарып жаюды ұйымдастыру, жайылымдарды тиімді пайдаланудың, малдың жағдайын табу-дың, жайылым эрозиясын болдырмаудың негізгі жолы. Өрине, ауыл тұрғындарының малдарын біріктіріп бағудың барлық қажетті жағдайы, яғни бағатын отбасының немесе бригаданың еңбек ақылары, тұрмыстық, өлеуметтік мәселелері түгелдей шешілуі керек. Бұл шешім қазіргі заман талабына сәйкес, жеке тұрғындардың кооперативтерге бірігудің бірден бір қадамы болмақ. Ойыл ауданының жайылым алқабы қазіргі мал басын толықтай қамтамасыз етеді. Ғылыми дәлелденген тәжірибеде, жемшөптің жылдық балансында жайылымдық мал азығы 60-70 пайыз құрайды. Ауыл маңындағы өрістерді тыныстандырып, демалдыру үшін маусымдық жайылымдарды көшпелі жолмен дәстүрлі пайдаланған жөн. Маусымдап пайдаланылатын далалық жайылымдарға малды, күні бұрын белгіленген учаскелерге бөліп, алмастырып жаю керек. Сондай-ақ, ең бастысы, малдың пайдалы заттарға бай, жеңіл сіңірілетін табиғи жайылымдарға қол жеткізудің амалдарын ғылыми тұрғыдан және заң шеңберінде реттелетін жағдайда қалыптастыру қажет.

Жайылым отын тиімді пайдалану, оны пайдалану мерзімінің түрлі схемалары кезектестіру жолымен жүргізіледі. Жайылым айналымы дегеніміз, табиғи жайылымдарды бір жылдан немесе бірнеше жылдан соң қайталанатын және оның өнімділігін төмендетпей, жақсартуға бағытталған шаралар жүйесі болып табылады. Жайылымдардың беткі қабатын жақсарту үшін жер пайдаланушыларға жайылым алқаптарына изен, еркек, бидайық, жусан тәрізді қуаңшылыққа төзімді дақылдардың тұқымын қосымша себу ұсынылады. Бұл өсімдіктер ауа және топырақ қуаңшылығы

ғын жақсы көтереді, ең қуаң жылдары өз өсуі мен дамуын тоқтата тұрады, ал жауын-шашын болған кезде ылғалды тез пайдаланып, жедел дами бастайды, бұл дегеніміз табиғи жағдайда мал азықтық өсімдіктерді көбейтудің мол резерві болмақ.

Осы жоспарда ауданда мал шаруашылығы саласын дамыту үшін табиғи жайылымдарды ұқыпты пайдалануды реттейтін нақты шаралар көзделген. Егер, ауданда жайылымдық алқаптарды тиімді пайдалану жолға қойылатын болса, мал басын өсіруге одан өндірілетін ет, сүт тағы басқа да өнімдерді арттыруға деп есептейміз.

Сезімді қорытындылай келе, ауданымызда мал шаруашылығы саласын дамыту бірінші кезекте, жемшөп қорын тұрақты жолға қойып және оны нығайтып отыруға байланысты. Мал азығының негізгі құрамы жайылым оты болып табылады. Заңның талаптарына сәйкес, ауданда жайылымдық жерлерді тиімді пайдалануды ұйымдастыру, жоспарлау, басқару жүйесіне қатысты біршама іс-шараларды жүргізуді қажет етеді. Жайылымдық ресурстарды ұтымды және тұрақты басқару туралы мәселелер бүгінде өзекті болып отыр. Бұл дегеніміз - жайылым пайдаланушылар арасында жайылымдарды тиімді пайдалану бойынша іс – шараларды өткізу туралы түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыру, жайылымдарды қолдану мәселелері бойынша семинар – кеңес, жарияланымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жергілікті халықты хабардар ету, интернет ресурстарында орналастыру, жергілікті атқарушы орган, ауылдық округ өкімінің аппараттары мен шаруашылық басшыларының атсалысуымен атқарылатын қызметтер болмақ.

Осы жоспарда ауданда мал шаруашылығы саласын дамыту үшін табиғи жайылымдарды ұқыпты пайдалануды реттейтін нақты шаралар көзделген. Егер, ауданда жайылымдық алқаптарды тиімді пайдалану жолға қойылатын болса, мал басын өсіруге одан өндірілетін ет, сүт тағы басқа да өнімдерді арттыруға болады деп есептейміз.

Т. ИМАНҒАЛИЕВ,
Аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы.



ШАШТЫ

(әңгіме)

— Қай ноғайсын?

Екеуі қоста оңаша қалғанда жөн сұрасты. Жас бала айшылық алыс жолдан барымтаға түскен қыпшақ жылқысымен қоса айдалып келген. Түрікпен Әмударияны бетке алып, Сыр бойы қыпшақтан алған қалың жылқыны дүрікпирете қуып, күн-түн жортқан ат үстіндегі сергелдең он бір жасар оғланды дереу есейтіп таста-маса да, қапелімде азат басына түс-кен қыл бұғауды тосырқап, тілі бай-ланып, жан ұшырған.

— Аға, біз қыпшақ, атам аты Ер-торы, өкем аты Құлпейіс, анамның сүт көнжесі Кенжебекпін, — деді бала көзі жасаурап, мөлтен қағып.

— Балам, сен мені жылқышы ата дерсің, — деді қазақ шал түсі жылып, — құдай аламанға кезіктіріп, таландыға бір түскен екенсің, бекер жаси берме. Ай-Күн жарықсыз болмас.

Ат құлағында ойнап өскен қыр ба-ласы сол қырғын күнгі мың жылқысын қорыған қыпшақтың шетінен сүйекті, сай тасындай ірі, сом білегі тізеден келетін үш ер азаматының қасында шоқайып, өзі тіленіп, ат арқасынан түсіп қойған. Қырық қаралы теке түрікпен* жер астынан шыққандай, жусаған жылқыға андыздай тигенде аз қыпшақ сүйірленіп, найза кезене, қар-сы шабуылға қасқан ат қойды. Ешбірі тірі қалмасын білген, өлсе, жастығын ала өлмек. «Жал-жал құм арасына қаш! Қалың жыңғыл, сексеуілді пана-ла, тез тығыл, жотадан ассаң, жау таппай қалар, құтыл, бауырым!», — деп бірі артына қарайлай бере, Ке-нжебекке жанұшыра айқайлаған.

Кенжебек астына мінген дегдар тұяқты жануар қиқу тиіп, қырғыз-жалы несердей құйылып, дүр сілкінгенде желдей ескен мың бас жылқыдан үр-кіп, кісінеп салды. Ойдым-ойдым құм арасы жылқы жаюға қолайлы бол-ғанымен, ат күрмеліп, шаба алмайды. Бала ішіне шоқ түскендей, айнала үшеуін, батыр ағаларын ажал сума қимай, көн садағын қолға ала ұмтыл-ды. Омыраулай қарсы келген жалбыр берік дәу түрікпен ат үстінен қарғадай баланы жұлып кеп алды. Ұрыста жа-зымы болып, қосақ арасында беркерге өлмесін деп ол баланы алдына лақша өңгере салды.

Жылқы күзеткен арыстай үш жігіт ұрыста өліп, Ерторының немересін табын-табын жылқымен қоса теке түрікпен олжалап, күнбатыс еліне айдап өкеткенін естігенде, тұсауы кесі-ле сала ат арқасына мінгізген қыпшақ елі ұлардай шулап, қатындар дауыс сала, бет жырта жылап, аһ ұрып қала берді.

— Қай ноғайсын? — деп сұрады бала ірікпмей.

— Қаңбақша ауып, тамырсыз де-дектеген мен бір қанлы.

— Қанлы ішінде қай аталық? —деді бала ересек адамша сыр тартқысы кеп.

— Тегін сұраған жат болмайды. Қаңлы десем, көгім қазақ дегенім, қарағым. Бабам азан шақырып қойған есімімді, сүйегімді жариялап айтпай-ақ қойайын. Сен сұрама.

Кенжебек жалшы шалдың ата тегін, руын дәл атауға құлықсыз екенін, батпаңдай құпия қайғысын нұры тайған көзінен ұқты. Өйтпесе тұқымы асыл болса астындағы атына өз тайпасын қосақтай айтуға шалт қазақ нөсілінен гой.

— Ат басы мен ер басы қайда қалмайды, — деп күрсінді шал.

Ошақтап от жалын кеміп, көлеңке-лер бұға қалғандай, жатаған сексеуіл-ге айналғандай елестеді.

— Сен, қарағым, алаңсыз ұйқыңды қандыр. Түнгі күзет мына менің, атаң-дікі, — дегенде жылқышының дауысы ерекше жұмсарды. — Тасқұл атаң жал-ғыздық сұрейге өбден еті өлген.

Ол қыпшақтың еркек баласын жортұвылшы топ олжалап өкелгенде қатты тіксінді. Кенжебек теке түрікпен-ге тұтқынға түскелі қолына құрық ұстатып, жылқы бақтырды. Бала қа-сындағы үзеңгілес серпі қазақ болып шыққанына өкесін көргендей құнды.

Ұзамай Кенжебек жаңа тірілігіне үйрене бастады. Түрікпен жылқысы шетінен аққу мойын, тік сирақ, бойы биік келеді, аяғың қаз басқанда ерен бекзат жануар болар ма, соны көрген-де арқасы қозды. Бұрын көз үйренген қыпшақ, адай, алаша, шекті жылқы-сының шомбал мүсіні қораш сезіліп, шоқтығы биік, сымбалғы көркем теке-жәуімі тұқымды жылқы малсақ үлдың көзіне оттай басылды.

Теке түрікпен бегі Атажан байдың мол жылқысын иен түзде жалғыз баға-тын Тасқұл қасына қарындаз бауыр келгелі арқаланып, ат үстінде ыңыл-дап өлен айтқанды. Екеуі андуыл сырт көзден таса тілдеседі.

— Теке, жәуімі, ерсары, ғөклен, салыр тайпалары бір-бірімен күрес алыспайды, жырма төрт ата түрікпен де қазақ рулары сияқты алыстан, жеті судан асырып құдаласу салты жоқ. Қатын-қыздарын қызғыштай қориды. Қазақ пен түрікпен өзара ша-бысу, аламаннан екі жағы да ешқашан айныған емес. Оғыз-қыпшақтан бергі

көрген тірлік, жылқы алу, қатын-қыз, бала-шаға олжалау. Шекті-шөмекей қазақтың ұсақ шоқылығы, жалпақ жон Арқаға апарып орта жүзге сататын қыз-келіншек түрікпен тыстан жаулап әкелген жесірлер, бұл құма* мұңлық-тардың құны құл базарында арзан.

Айырбас саудаға жәуімі тайпасы жүреді. Олар парсы патшасына бағы-нады. Ғөклен бес қаруын асыған-жауынгер ел. Түрікпен ноғай мен жеті-руды жиі шапты. Қазақ руларынан түрікпенмен жиі соқтығысатын найза-сының ұшы алтын кіші жүз байұлында адай елі. Адай біресе теке руымен, біресе жәуімтіп алыс-беріске икем, көбіне шабысып, аз мезет табысып та жүреді. Қос дария бойында ежелден қыпшақтар түрікпенмен араласып, бірге көшіп-қонып жүруші еді. Құла түзде келгісіз қалғаны бар, тігерге тұяқсыз қалғаны бар, оғыз-қыпшақ тұқымы бүліншілікте жан алысып, жан берісіп, ауыл, оба* барымта, қанды соғыстан залыс болса мейлі, бұл дағдыдан ешқайсысы жаңылған емес.

Сыр бойына жиі шабуылдайтыны текежәуімі. Қой үстіне қайдан бозтор-ғай жұмыртқалайды. Қазақлық заман-нан үш жүз бір ту астына біріксе, ер түрікпеннен белек, ер Алтайдан Еділ-ге өтіп, қырғидай тиген құба қалмақ-тан, Ысық көлдің* арғы жағынан жөңкіліп тиесітін жауынгер тайпа қырғыздан, ормандай көпір орыстан, сірә да жеңілмес еді.

Тасқұл шал айтқан сөзі қарғадай Кенжебектің көкейінде байыздап қалсын деп Сыпыра жыраудай түптен толғады. Құлпейістің кенжесі өз елінен тоналған қалың жылқыны бағуға жегілді. Түрікпендер жылқы мен баланы өуелде мықтап күзетті. Ата-жан бай жылқысын алпыс жыл бойы үзбей бағатын көрі қазақтың қасына қарағдай ұлды қосып берген. Жылқы-шы шалдың жанынан екі елі қалмай-тын ақтес қос төбеті бар.

Жыл он екі ай өткенде Кенжебек жылқышы ата бір күні бай үйінен таңдаулы құлшындарға беретін тұты сүті құйылған мөсті өкелгенде көзі шырақтай жанып, алағызып келгенін бірден ұқты.

Түрікпен мен қыпшақ тойында көш-пелі салт бойынша ат шаптырып, балуан күрестіреді, бейгеке үйірімен жылқы, сан бас түйе, тайтұяқ күміс тігіледі. Атажан бай елінде болатын үлкен той, ат бейгеге қос тұлпарын қосу үшін атбегілігіп сыннан өткен қар қазаққа баптауға бұйырған екен. Жылқышы иесінің небір жүйрік атын талай мәрте жаратып, олжа салып жүргеніне алғаш рет жүрегі атқақтап, өлердей қуанды. Бұрын бейгеден аты озса, бай ризашылығын жоғартқыс-пен білдіргенде сөлт етпеуші еді.

Құланның қасыуына, мылтықтың басуы, бұл құлдың бұйрығы, аруақ жебеді, — деп таси сөйледі Тасқұл. Шал анадан қайта туғандай күрт өзге-ріп, құшырланып сала берді. Тұйық судай тұнқырап тұратын шеір көзіне от толып, жасынша жарқ етті. Бала карт жылқышының оқыс өзгерген мынау мінезін өсіре атқұмарлығынан деп ұққан.

Бірде жеті қараңғы түнде гадетте құс ұйқылы шал баланы ұйқысынан шырт отқып, ошақтағы шоқтың жыл-жып еткен табында қарсы алдына отырғызып қойды. Кенжебек көзін аша алмай, аузын аша есінеп, ұйқы қысып, түк түсінбесе де, есін егпеп жойыл алды. Қай қыуыстан суырып алғанын, жылқышы шал оң ығына бөрінің бас терісін тұтас қалдырған көкшулан терісін жауып алыпты.

— Шырағым, сын сағатың туды, ал, көзіме тік кара, сөзіме бақ! — деп бұйыра сөйледі жылқышы. — Түрікпе-ннің атқұмарлығы атан қазақпен тең. Бейге десе екеуі де ішкен асын жерге қояды.Түрікпен ежелден марғау далада тежеусіз құландай өскен ер қазақты қарақшы, бүлікші, тентек көреді.

Бөрі көсемі абадан болар, бөрі күшіп бөлірік болар, бөрі анадан сүт емген қыпшақ тұқымы екенінді мынау құмдағы мимирей елге мықтап танытар күн туды! Ежелден қоныстас теке түрікпен бұл тойды өсте ұмытпас, жадынан өшпес таңбалы етемі!

Кенжебекке жылқышы шал құдды жер қайысқан әскермен жалғыз соғы-суға даяр қас батырдай ерек көрінді. Айтқанын қалт жібермей тындап отыр.

— Бұлар да қазақ сияқты көбінесе басы жауғершілікте бірігетін алты-бақан алауыз ел екені рас. Тайпалары өзара дұрдардас болғанымен түрікпен тегінде асыл текті мәрт халық. Бірақ соғыстан түскен жетім-жесірді аймай-тын қатал заңды қай халық болсын ұстандады. Сенің құның бұлар үшін тышпақ лақ ғұрлы жоқ. Тұтқынға түсу көшпелі рулар үшін қарғыс таңбалы, көк соққанмен тең. Жат жарылқа-майды. Сондықтан мына сені, еркек баланы өлсе аямайды. Қоқан, Хиуа бектері қазақтан қыз салық алып басынады. Түрікпен салты қазақ сияқ-ты, ұлы қатынын текті тұқымнан ай-тырып алады, күшік қатынын жесірден алады. Жетім қыз болса малдыға

кішілікке береді, анасы көгі бөтен бол-са, одан туған ұл бала есіміне «құл» деп жалғайды. Таза қанды түрікпен-нен шатаны солай айыру үшін.

Бала тез тітіркеніп, қорқып кетті, үкідей дөңгеленген көзіне шүпілдей үрей толды.Үлкен кісі нені мерзеп отыр? Мұны түрікпен бектері ат құй-рығына байлап өлтірейін деп жатқан-дай тұспалмен орағыта сөйлегені несі?!

— Атажан қос жүйрігінің біріне шабандозға сені шаптыратынын көрі жүрегім сезеді.

Шал көкейіндегісін айтқанда Кенже-бектің тынысы кеңіп сала берді. Е.е, теке түрікпен де қазақ сияқты обал-сауапты білетін ел, тірі жан иесін беталды өлтірмейді.

Бұл түйелі көрші ауылға түйе сүтін меслен өкелуге барған сайын түрікпен шешелер дәмді асқа тойғызып, жетім-жесір, құл бала көріп, іштей мүсір-көйтінін талай басынан кешті. Түрікпен жылқысына түйе сүтін береді.

— Кенжебек, жас та болсаң, бас болар сөт келді. Теке түрікпен «Өр түлкі өз құйрығын мақтайды», — деп айтады. Текежәуімтің айтулы бектері, бай-бағланы өз жүйрігі озғанын күтіп, жарысты есі шығып қызықтайды. Бей-генің ең қызған шағында кертәғыздай бұл қазақ бүлікшіл, өлермен халық екенін көрсет, менмен текежәуіміт бектеріне атасын таныт! Сол сөт менің есіп өткен қайран өмірімнің құны толық ақталғаны! Қарағым, бұл тойда сен тәуекел деп бел буып, еліңе қашасың!

Бала бауыр басып қалған жылқы-шы атасының бағанадан бері нені көкспеп, нені айтқысы кеп қомданып отырғанын енді айқын ұқты. Не дерге сөз таппай қалды.

— Неге үндемейсің? — деп сұрады шал жарықшақ дауысы тарғыл шығып.

— Ей, ағатай, айташым, сен мені тыңдадың. Мен қашам түрікпендер момын аңша аулап, тарпаңдай қайы-рып өкеп, шырқырата ұстап алады ғой!

— Тұлпар дүбірі сені қиянға сырқа-тып өкетеді. Қазақ шығасың! Жылқы атасы керқұлан, жылқы аяқты мал, арқасына бір қонсаң, аруақ жебейді, құстай ұшып, желдей есесің. Сырдың суы сол сөт сирағыннан келмейді, ұлым. Мұратың тек қашу болсын. Ат асылы теке түрікпенде, ендеше, тақмыңа Ақсақ Темірден бергіде қызылбастың мәртебелі өмірлері мінген қас жүйрік тиеді. Азаттыққа бөс тігуге ықтиярсың ба, ұлым?

Кенжебек алғидың шөлінде, қиян-қия елсіз жолдың қауіп-қатерлі уытын жудырықтай жүрегімен ауыр сезінді. Басын ізгендей болды.

Кері-жас екі қазақ қостан шыққанда көктегі ай тола бастапты. Жалшы шал тарамыс мойнын созып, көк аспанға телміре қарады.

— Е, балам, бағың бар сияқты, жазымш жазуын қарай ғөр! Анаң сені ат толғанда толғатып туған екен. Шашты-түкті дүние сипаты жарқырай туып келеді, о, тоба, шебер Төңірі жо-лынды оңғарайын деп тұрғанын қара! Кенжебек аңтарылып, көкке көз тікті. Көдімі! түнгі аспан, жұлдыздар бада-надай анық, ай сүттей жаңбыр. Жыл-қышы ата нені мерзеп, қандай игі нышан көргенін ол түйсінгісі кеп кетті. — Шашты-түкті дүние сені адас-тырмас, толған ай алтын қазығың. Түрті дегдар даламен көк бөріше жортарсың. Тақырбас тас түндердің шеті кетіліп бітті. Әулие пірің Баба түкті Шашты Әвиз қолдасын, жылқы пірі Қамбар ата қолдасын, қысыл-таңда қырық шілтен ғайып ерен көзісің! Ешқашан алақан жайып, бата берген жан емен. Батамды бердім! Темірқазықты жадына мықтап тұт. шөмішті шоқ жұлдыздар илайым оң қолға салады. Оразалы құтылар, бейнетті тұтылар.

— Жылқышы ата, нені айтасың? Шашты-түкті деген кім?

— Бұрынғы көнекөз жұрт көкірегі ерен көркем еді, толған ай көрсе шашты, жазғы сөуле құылса түкті деп жатұшы еді. Алпыс жыл бұрын бабам-нан естіген сол сөз санамда жарқ ете түскені тегін нышан емес.

Бала есінуей жіледі, ары қарай сөз тыңдауға зауқы соқпады.

Ертесінде жылқышы шал Кенже-бектің үкі көзінен кертәбан бір үмітсіз торығудың жылт еткен белгісін көріп жаны ерен құлазды. Оның қорқып, тайсақтауын іштей жазғыра алмаған. Бірер күнде баланың еңесісі түсіп кетті. Айшылық алыс жолды ат соғып, суыт жүріп келген балаға жыл озғанда иесіз, азықсыз, жападан-жалғыз жер тұйындегі еліне бас сауғалап, қашып баруы шын жалаң тәуекел қылу аз. Көзсіз ерге лайық өрекетке баруға жас бала дайын емес сияқтанды.

— Жылқышы ата, мен ойласам... қашу михнаты тым қиын сияқты, — деп күмілжіді Кенжебек көзімен жер шұқылап.

— Ез болуды пір тұтпа, шырағым. Темірді қызған кезде соқ. Өзекті жаңға бір өлім деп елге тарт. Есің барда елің

тап!

— Айшылық жер, жер түбі, құм керуендегенде былтыр бейнетін өб-ден көрдім, жылқышы ата. Бірақ онда көппен бірге болдым. Аң-құс, қарақ-шы, алақшы* бар...

— Түрікпен Қорқытқа көр қазба дейді. Мен айтамын, Қорқытқа көр қазылсын, уақыты келсе даяр тұрады! Қайда барсаң Қорқыттың көрі десе несі бар? Көрге кіргенше көерерің аз болмайды, қарағым. Маңдайға, лау-хил тақтаға* жазылған өлшеулі жас бар. Тікқұлақ көкжалдан несін қор-қасың, төңірі текті түркі-көк бөрі тұқы-мы емей, сен кімсің?! Тұрлаусыз өскен құландай қыпшақ қаныңды сапта!

Жылқышы лаң тигендей атын шалт төбініп, шаба жөнелді, қос тау төбеті қапталдаса зымырайды. Ол табын жылқының ортасына тартты. Кенже-бек оның соңынан ерді.Тасқұл ата наразы, мұның шалаширақ балапан-дай өлсіздігін қомсынып, жан алқы-мынан ашу қысқанын айтпай білді. Шіріген жұмыртқа, шүрегей, көк жасық дейді-ау. Бала қасына келген соң жылқышы шал мұны көзіне ілгісі кел-мей, тілсіз қалды. Күн қаққан өңі өрт сөндіргендей түтігіп алған. Мұның ша-лыс, қорқақ пығылы дауасыз жараның аузын тырнаған төрізді. Тек жылқышы атасы бек риза болу үшін бала қашуға бекінді, өлсе, шейіт болар, өлмесе тірі қалар.

Түн ауа жылқышы қосқа қайптады. Кенжебек оның қасынан екі елі қалмаған.

— Түрікпеннің аламандығы қазақтың барымтасынан садаға кетсін, — деп ауыр күрсінді жылқышы шал. — Ноғайлы нөсіл тек жылқы олжалайды, сөйліхан* жорықта мал-жаңды түгел олжалайды. Екеуі адал ас іше, құдай аштан өлтірердей, құртқа* дүниеге құнығып, өзара жорық, құмда керуен тонаусыз күн көре алмайды. Бақауып* болудан бұлар есте жерімейді.

Оғыз-қыпшақ ежелден шығандай бергенмен түп нөсілі бір халық. Ұлы жүз қанлы, жалайыр, шапыраштыда, орта жүз тобықтыда теке руы бар. Қарақойлы руы қыпшақта бар, түрік-пенде бар. Байұлында шеркеш, түрік-пен ішінде шеркез руы бар. Өлімде кете, түрікпенде кете руы бар.

Іісі қазақтың құдай сүйген қылығы жоқ. Ала жылан аш бақа, ала тілеу оңдырмасын бек біледі. Қара қыпшақ Қобыланды батыр Ақжол биді өлтір-ген соң арғын-қыпшақ айрылған. Кетелер кектесіп, адайдың бір ауылын шауып алады, адам шығыны көп болды. Өлім мен байұлы бертінге шекті тату болмады. Мұндағы түрікпен отын жағып, бесігін тербеткен, бірақ туған елін өлсе ұмыта алмайтын қаны қазақ жесірлер жылап айтқан құса-шер, шежіре естір құлақ керек болмаған соң көкейге жетеді.

Сырт дұшпанға сыр алдырып, елін зар еңіретіп, есесі кете бергені өз руы десе астамсып кететін, қит етсе атасын құдайдан зор көріп, тепсінген көр надан, менмен, жекпе-жекшіл, есерсоқ батыр атаулының кесірі. Мұндайда алақтап ажал іздеп ұрын-ғып, алабас бұраша шабынған ұрдажық есер еркек, дауекс тентекке обал жоқ, бірақ қайран аналар мен қабырғасы қатпаған, ұдағы балапан, уялас күшік, басын ашпаған бала-шаға-ның соры. Оның несін айтайын. Тісім-нен тірде шығармасын дейтін сүркія сөзді айтқызғалы тұрсын сен маған.

Кенжебек жалшы шалдың өлемта-пырық дауысынан қарадай шошынды. Шегір көзінен жаңбыр жаумайтын ку мекиен шөлдегідей тамшы жас тамбағанмен, жылқышы ата жаны егіліп жылап тұрғанын біле қойды. Зересі ұшып, басын шайқады. Айтпай-ақ қойса екен деп тіледі.

Жалшы шал басындағы ақ жүн қозы бөрігін жұлып алды. Бас киімін Кенже-бектің аяғының астына лақтырып тастады. Селдір шашы аппақ құдай екен. Қаһарлы хан алдына кеп, «Алдияр, дат!» деп тұрғандай мұнысы несі?!

— Есіңе мені бір жаман құл, Тасқұл деп алғайсың. Ертен қалпасан, құлақ кесті қара құлдан бетер сорақы боларсың. Мына сенің жасында тұтыл-дың. Ұзымнан жарып, бал жалап өс-кенімді қайтейін. Ат тұғыя басқан жер шапқын, жылқы мінген елдер соғы-сып, жылқы өсірген халық шабындыға көп түседі екен. Аттанғы шыққан тү-рікпен аламанда тұтты. Ойдағы ауы-лыма оқыстан жау тиді, қазанды қақ айырды. Қазақ пен текежәуіміт, екі жағы барымтада бірдей ожар. Біздің рудың бас көтерер ерлері Жетісу, Теніз асып, бұғы қырғыздан жылқы өкелуге кеткен кезіне килікті. Кілең қатын-бала, көрі кемпір-шалдан бөлек найза ұстайтын ерлерден аз ғана топ қалған, жасанған дұшпан қырып сал-ды. Жас қыз-келіншектер мен қорған-сыз балаларды алғыншылар қоймен қоса айдап өкетті. Кебенек киген тірлік у татып, тұтқыннан қашып кетуге та-дыр еш қоспады. Талай өрекет қыл-ғанмен, қолға түсе бердім. Арқамдағы дүренді іздері содан қалған белгі.

(*жалағасы келесі санда*)

ҰБТ: МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТҮЛЕКТЕРГЕ ҚОСЫМША 40 МИНУТ БЕРІЛЕДІ



ҚР Білім және ғылым министрінің ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) өткізу тәртібіне өзгеріс енгізетін бұйрығы шықты.

Құжаттың жаңашылдығы ҰБТ-ға қатысу туралы өтініш беру және ҰБТ өткізу мерзімдерін қамтитынында. Сондай-ақ, тест тапсырушының сы-наққа кірген кезде өзімен бірге алып кіруіне тыйым салынатын заттардың қатары көбейіп отыр. Олар:

- Мобильді байланыс құралдары (ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Ipad), iPod (iPod), смартфондар, рациялар;

- Ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді маршрутизаторлар);

- Смарт сағат, сымды құлаққаптар, сымсыз, микро құлаққаптар, сымсыз бейнекамералар, GPS (ДжиПиЭс) навигаторлар, GPS (ДжиПиЭс) тре-

керлер, қашықтан басқару құралдары және басқа ақпарат алмасу құрылғылары.

Осы талаптарды орындап тестілеу орнына кіргеннен кейін мына әре-кеттер арқылы сынақ тапсыру қажет: - тестілеу жүйесіне кіру үшін логин мен парольді көрсету;

- компьютерге орнатылған алдыңғы камералар арқылы адам бетінің кө-лемдік-кеңістіктік формасын авто-ризациялаудан өту;

- «ҰБТ тестілеу» интерфейсін ашу;

- тест тапсыратын тідін таңдау, (!!Бұл ретте тестілеу басталғаннан кейін тестілеуді тапсыру тілі өзгер-

мейді);

- бейіндік пәндер комбинациясын таңдап, дұрыс таңдауды растаңыз;

- ҰБТ тапсыруға кірісу.

Тест тапсырушы аталмыш жүйеге кіріп-шылқан сайын компьютерде орнатылған алдыңғы камералар арқылы бетінің көлемдік-кеңістіктік нысаны авторизациялап отырады. Сондай-ақ, ҰБТ өткізу пунктінде электр қуаты өшірілген жағдайда немесе тестілеу жазбасы жүргізіл-мейтін басқа да форс-мажорлық жағдайлар кезінде тестілеу уақытша тоқтата тұру және ауыстыру туралы тоқтатылады және тестілеу процесін тоқтата тұру және ауыстыру туралы акт жасала отырып, басқа күнге ауыс-тырылады. Яғни, ҰБТ өткізу қағида-ларының тізбесіне «тестілеу процесін тоқтата тұру және ауыстыру туралы актіні» жасаудың үлгісі қосылып отыр. Тестілеу процесін тоқтата тұру және ауыстыру туралы актіні тестілеу өкімшісі мен өңірлік мемлекеттік ко-миссия бірлесіп жасайды. Министр бұйырығындағы тағы бір өзгеріс тестілеу кезіндегі үзілістерге қатысты. Атап айтсақ, тестілеу басталғаннан 120 минут өткен соң берілетін үзіліс 15 минуттан 3 минутқа дейін қысқар-тылды. Көру, есту, тірек-қимыл аппа-ратының функциялары бұзылған мұқ-тажындағы бар балаларға тестілеу кезінде қосымша 40 минут беріледі. Тестілеудің өдеттегі ұзақтығы – 240 минут.

inform.kz

Су тасқыны

ҚАУІПТІ ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ!



Су тасқыны – бұл қардың еруі, жауын-шашын, суды желмен айдаған және кептел

ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ

ЕЛДІҢ ОРТАҚ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ ҮШІН КЕРЕКІ!

ӨТКЕН БЕЙСЕНБІДЕ АУДАН ӘКІМІНІҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДЕ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ САРАЛЖЫН, ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНДЕ ЖАЛҒАСТЫ. ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ АУДАННЫҢ ӨТКЕН ЖЫЛДАҒЫ ЖАЛПЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН 2022 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕРДІ САРАЛАДЫ.



Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы мен аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин және бірқатар мекеме басшылары бастаған топ алдымен Саралжын ауылдық округінде болды. Онда округ бойынша өткен жылдың жемісі мен жасалған жұмыстары бойынша есеп берді. Ауыл әкімінің есептік баяндамасынан кейін тұрғындар тарапынан сауалдар көп болды. Бірі ауқымды жобаларға бөлінген қомақты қаржының қалай игерілгенін сұраса, бірі өкімнің жұмысына күмәнмен қарады. Сондай-ақ, шиқудықтықтардың атынан қысқы қатынастың қиындығы мәселесі көтерілсе, жер мәселесін көтергенде осы шиқудықтықтар болды. Әрбір қойылған сауалға лек-легімен жауап берген ауыл әкімі ауылдағы қомақты қаржыны қажет ететін жобалар жеке кәсіпкерлердің жеке қаржысы арқылы жүзеге асатынын жеткізді. Ал, үкіметтің немесе аудандық, облыстық, республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы арқылы жүзеге асырылатын межелі істерде ешқандай да жемқорлық болмайды, оны арнайы комиссия тексеріп, мердігерлердің де жұмыс сапасы үнемі қадағалауда болатынын ашып айтты. Расында ауыл өкімінің жұмысына қырги қабақ танытып отырған кейбір ауыл тұрғындарының сауалдары шашыраңқы, нақты болмағандықтан жауап беру мүмкін болмады. Тіпті орындалмайтын ұсыныстар да болды. Олай дейтін себебіміз, шептің бағасын 100 теңгеге түсіру деген күш ұйықтасам түсіме кірмейді» дегенге саятындай.

Әкімдердің есеп беру кездесулері түстен кейін Қайыңды ауылдық округінде жалғасты. Қайыңды аудан

орталығынан шалғай орналасқан округтердің бірі. Сондықтан қыста қатынау оңай емес. Біз барғанда күн суытып, ақ түтек боран ойнақ салып тұрды. Есептік кездесуге ауыл тұрғындары жиналғаннан кейін ауыл әкімі Ырғызбай Қосдаулетов өткен жылда атқарылған жұмыстарға кезең-кезеңімен тоқталып өтті. Қайыңды мемлекеттік қолдауынан тыс қалмайды. Былтыр ауыл жастары үшін заман талабына сай шағын футбол алаңы салынса, быыл ауылдың ауданға қатынайтын жолына күрделі жөндеу жүргізу жұмыстары жүзеге аспақ. Келесі ретте тұрғындар тарапынан түскен ұсыныс-пікірлерге кезек берсек, ауыл тұрғыны Дархан Өтегенов алдымен ауылға жедел жәрдем көлігі керектігін жеткізіп, қысқы отынның сапасына мән беріп, ауылға балалар ойын алаңы салынса деген ұсыныс тілегін айтты.

Р.С. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев Саралжын мен Қайыңды да тұрғындардан түскен сауалдар, көтерілген мәселелер ескерусіз қалмайтынын айтып, алдағы уақытта ауылдарды көркейту жұмыстары жалғасын табатынына күмән келтірмеу керектігін жеткізді. Оған қоса қос округтің де тұрғындарын шағын және орта бизнеспен айналысуға шақырды. Мемлекеттің қолдауын пайдаланып, жеңілдетілген несиелер алып, гранттарға қатысып түрлі кәсіп кездерін ашу қажеттігін баса айтты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл-Саралжын-Қайыңды-Ойыл.

МУТАЦИЯЛАҒАН ЖАҢА ШТАММ ПАЙДА БОЛДЫ

Коронавирусты, дәлірек айтқанда оның түрлерін басқаруға болады. Мәскеу физика-техникалық институтының геномдық инженерия зертханасының жетекшісі Павел Болчовк жаңа SARS-CoV-2 штамдарының пайда болуын «тоқтату» едісін атады, - деп хабарлайды ҚазАқпарат Covid-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствосаралық комиссиясының Telegram каналына сілтеме жасап. «Коронавирустың жаңа штамдарының пайда болуымен күресу үшін бізге барлық белгілі және ықтимал қауіпті штамдарға қарсы поливалентті вакциналар қажет. Егер біз тұмау вирусын мысалға алсақ, қазір терт валентті вакциналар кеңінен қолданылады. А вирусының екі серотипіне және В вирусының екеуіне қарсы», — деді Волчовк. Сонымен қатар вирусолог қолданыс-

тағы вакциналардың негізінде жасалған жаңа екпелерді тіркеу және сынақтан өткізуді жеңілдетуге шақырды. Қазіргі уақытта екпе әзірлеу және тіркеу алты айдан бір жарым жылға дейін жүргізіледі. Британдық эпидемиологтар SARS-COV-2 вирусының жаңа мутацияланған штаммын пайда болғанын хабарлады. Ғалымдардың айтуынша, геномда «омикрон» штамында да, «дельта» штамында да бар элементтер табылған. Осылайша штамм «дельтакрон» деп аталды. Зерттеушілер мутация бір уақытта екі штамды жұқтырған адамда пайда болды деп болжайды. Сарапшылар дүрбелеңнің қажеті жоқ деп санайды, жаңа штаммен инфекция жағдайлары өте аз, ал популяцияда «дельтаға» да, «омикронға» да ұжымдық иммунитет жартылай қалыптасқан.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА АУДАНДЫҚ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

Кеше жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі басталды. Оқушылар информатика және биология пәндерінен сынға түсті. 2022 жылдың 14-19 ақпаны күндері жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 класс оқушылары арасында Республикалық пәндік олимпиаданың ІІ (аудандық) кезеңі барлық санитарлық мақсат- оқушылардың жалпы білім беру пәндері бойынша білім мен білік деңгейін, қалыптасқан тәмен-түсінік, интеллектуалдық, логикалық, аналитикалық ойлау шеберліктері мен мәселені қорытып, жүйелі түрде саралай білудегі жүйріктік

пен алғырлық, тапқырлық т.б қасиеттерді тұрғысынан өз замандастары арасында бөсекеге қабілеттілік дағдыларын шындау.

Олимпиадаға қатысуға барлығы 235 өтініш қабылданды, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша- 106, қоғамдық- гуманитарлық цикл бойынша -129 оқушы бақ сынасады. Олимпиада тап-сырмалары «Дарын» республикалық қосымша білім беру орталығынан жіберілді, сондай-ақ шешімдері мен тапсырмалар мазмұны сайтта сол күні жарияланады.

«Ашықтық» және «өділдік» принциптеріне негізделген олимпиада жұмысын «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің, аудандық кәсіподақ ұйымы және жастар ресурстық

ПРОФЕССОР ЖАҢА ҚОНДЫРҒЫНЫ ҚОЛДАНУ ТӘСІЛДЕРІН КӨРСЕТТІ

Газетіміздің өткен санында аудандық ауруханаға жаңа замануи технологиялардың бірі - лапароскопиялық қондырғы келгенін жазған едік.

Ал, жуырда ауданымыздың құрметті азаматы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық университетінің №2 хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі, профессор, медицина ғылымдарының докторы, жерлесіміз Базылбек Жакиев және Ақтөбе облысынан бас хирург Жанәділ Әлмырзаұлы Ойыл аудандық ауруханасына келіп, шеберлік сағатын өткізді.

ОБЛЫСТЫҚ ДОДАДА ОЙЛДЫҚТАР ОЗА ШАПТЫ

ӨТКЕН АПТАНЫҢ ЖҰМА, ЖЕКСЕНБІ КҮНДЕРІ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА ГР СПОРТЫНҢ 2006 ЖЫЛҒЫ ТУЫЛҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ҚОЛ КҮРЕСІ ЖӘНЕ ГР СПОРТЫНАН ОБЛЫС ЧЕМПИОНАТЫ ӨТКІЗІЛДІ. ЧЕМПИОНАТҚА ӨҢІРІМІЗДЕН 100-ДЕН АСА СПОРТШЫ ҚАТЫСТЫ.

Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінен арнайы команда қатысып, ауданның намысын қорғап келді.

Гір тасын көтеруден әбден шынығып, шындалған балғын спортшыларымыз облыстық чемпионаттан құр қол қайтпады. Қоржынымызды жұлделі орындар мен чемпиондық медальдарға толтырды. Нақтырақ айтсақ, 48 кг салмақ дәрежесінде Расул Сапарғали ІІІ орынды иеленсе, Бекжан Бауыржанұлы жеңімпаз атанды. Бір салмақта өнер көрсетіп Ойылдың абыройын асқақтатқан спортшыларға алғыс айтамыз. Бір қуанарлығы бұдан бөлек 53 килограмм салмақта Аян Русланұлы жеңімпаз болды. Ал, 68 килограмм салмақ дәрежесінде Ильһар Сабиржанов ІІ орынға тұрақтап, чемпионаттың күміс меда-

лын қанжығамызға ілді.

Әрі қарай 2004-2006, 2007 жылы туылған жасөспірімдер және одан кіші жасөспірімдер арасында қол күресі спортынан облыс чемпионатына 200-ге жуық спортшы қатысты. Білек күшін сыңға салған додада біздің спортшылар қарсыластарына тағы да таңдәлі қақтырды. 50 килограмм салмақ дәрежесінде Аян Русланұлы мен 55 килограмм салмақ дәрежесінде Абылай Мейрамбеков облыстық чемпионаттың бірінші орынын жеңіп алса, 40 килограмм салмақ дәрежесінде Расул Сапарғали үшінші орынды Ойылдың үлесіне қалдырды. Осы сәтте қол күрестен жаттықтырушы Нұрсахан Сәрсенғалиевтің еңбегін айта кетпеске болмайды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

ҚЫЗДАРЫМЫЗ ЕРЛЕДІ, АҒАЛАРЫ ДА НАМЫСТЫ ҚОЛДАН БЕРМЕДІ



2022 жылдың 11-13 ақпан аралығында Ақтөбе қаласында өйелдер күресінен 2005-2006, 2007-2009 жылы туған жасөспірім қыздар арасында Ақтөбе облысы чемпионаты өткізілді. Чемпионатқа Ақтөбе облысынан 10 команда, оның ішінде Ақтөбе қаласы, Хромтау, Алға, Мартук, Қобда, Ойыл аудандарынан 70-ке жуық жас спортшылар қатысып, бақтарын сынады.

Тартысқа толы өткен облыс чемпионаты нәтижесінде ауданымыздың кіші жасөспірім қыздар арасында 36 кг салмақта Күнсұл Нұржанова ІІ орын иеленсе, 50 кг салмақ дәрежесінде Бейбіт Қажымұқанқызы І орын иемденді. 2005-2006 жылғы қыздар арасында 50 кг салмақ дәрежесінде Гүлзира Ұзақова ІІІ орын, 54 кг салмақта Айшолпан Шаймерденова

ІІІ орын, Ақжібек Сисенбаева 69 кг салмақта біріншіліктің жеңімпазы атанды.

Сисенбаева Ақжібек Қостанай қаласында өтетін республикалық турнирге және Қарағанды қаласында өткізілетін ҚР чемпионатына жолдамаға ие болды. Наурыз айында Шымкент қаласында өтетін ҚР чемпионатына Бейбіт Қажымұқанқызы, Күнсұл Нұржанова жолдама алды.

Сонымен қатар, қысқы президенттік көпсайыстан балалар, жасөспірімдер, жастар және ересектер арасындағы Ақтөбе облысы чемпионатына Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Амандық Ғабдуллин қатынасып, нәтижесінде 35-39 жас арасында чемпионаттың ІІ орын иегері атанды.

МАССАЖ ЖАСАУДЫҢ МАМАНЫ

Массаж жасау өнері 3000 жыл бұрын ежелгі Қытайда пайда болған. Кейін осы саланы дамыту мақсатында Қытай массаж жасау ісін оқыту мектептері ашылған. Қазіргі таңда массаждың адам денсаулығына берер пайдасы да мол, өрі сұранысқа ие.

Ауданда массаж жасайтын жас маманның бір – Назарбай. Өзінің арнайы білімі де бар. Қазіргі таңда Ойыл аудандық орталық аурухана-сында мейіргер. Өз саласында жас болса да, ауданның денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі жетерлік.

1994 жылы наурыз айының он жетінші жұлдызында Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ақшатау елді мекенінде қарапайым көп балалы отбасында дүниеге келген Назарбай үйдің ортаншы баласы. 2000 жылдан бастап Ойыл ауданына қоныс аударып, қазір осы ауданның тұрғыны. 2015 жылы Ақтөбе қаласындағы М.Меметова атындағы Ақтөбе жоғары медициналық колледжінің «Мейіргер ісі» мамандығын алып шығады.

«Жалпы массаж мамандығын таңдауыма осы медицина оқып жүріп қызығушылығым ояныды. 2018 жылы Ақтөбе қаласында балалар массажына арнайы курс оқып алдым. Кейін Ойыл аудандық ауруханасына қызметке орналастым. Осы медицина саласында жүріп, қосымша балаларға өзімнің массаж курсымды жасап бастадым. Қазіргі таңда барлық массаж түрін жасаймын. Көбіне 1 жаспен 5 жасқа дейінгі балалар келеді» - дейді массаж маманы.

Маман массаждың бала денсаулығына пайдасымен де бөлісті. «Неге массаж жасау керек: - нәрестенің жалпы дамуына пайдасы; - қан айналымын жақсартарды; - дөрігер кейде байқамайтын нәрселерді көруге мүмкіндік береді; - массаж жасау маманы анаға сәбиінің ауысу дамуы үшін көптеген жағдайда деріңкестер бере алады;

Ойыл ауданы, Саралжын ауылдық округі, Тайсойған ауылының тұрғыны, «Бірлік» шаруа қожалығының төрағасы Серікжан Тұрғалиұлы Жұмағалиев пен жубайы Қапиза Ерқуатқызы Нұжанованы мерейлі 60 жастарымен құттықтаймыз!

Жеттіңдер міне, алпыстың асқарына, Бақ сыйлаған дәулет пен бастарыңа! Құтты болсын айтамыз бірауыздан, Толатын ертеңгі алпыс деген жастарыңа! Ізгіліктің нұрын шашып ағайын мен маңайға, мен талайға. Ақ тілектер ақтарылып, шаңырақты кернесін, Жақсылықтар жалғассын, кірсе де ақ саймайға! Ізгілікті істерің көп үлкенге де, жасқа да, Сыйлайды ел-жұрт, туған-туыс, басқа да. Отбасының базары мен шаттығы тарқамасын, Таусылмасын тойларың, өлі талай жаста да! Игі тіпекпен, Нұжановтар әулетінен біріңе қайнаға, біріңе аға Жаңғырбай (Жаукең), жеңгелерің Райхан және балдыздарың мен бауырларың!

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Құрметті Ойыл, Ақшатау, Қаракөмер, Екпетап ауылының тұрғындары! 2022 жылдың 11 наурыз күні сағат 15.00-де Ақтөбе облысы Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі № 69 мекен-жайында орналасқан кеңсе ғимаратында Ойыл ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

Күн тәртібіндегі мәселе:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпан 2014 жылғы № 138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тілсіз аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына сүйене отырып **Ақшатау, Қаракөмер, Екпетап ауылдарының көше атауларына өзгеріс беру туралы қоғамдық тыңдалым өтеді.**

«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

АЛАЯҚҚА «ОЛЖА» БОЛМАҢЫЗ!

Қазіргі қоғамда кең таралып отырған қылмыстардың бірі - бұл алаяқтық. Алаяқтық алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен жасалады, олардың ықпалымен меншік иесі немесе мүліктің өзге иесі мүлікті немесе иемдену мақсатында алаяқтық жасау тәсілі болып табылады. Алдау меншік иесінде немесе өзге адамда мүліктің кінәлі адамға және (немесе) басқа адамдарға берілуінің заңға сәйкестігі туралы қате түсінік туындататын кінәлінің меншік иесіне немесе мүліктің өзге иесіне шындыққа жанаспайтын көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаудан не меншік иесіне не мүлік иесіне хабарлануға тиіс шынайы фактілерді жасырудан құрылуы мүмкін.

Алдау нәтижесінде жаңылыстырылған меншік иесі немесе мүліктің өзге иесі өзінің мүддесі үшін жасаған әрекеттерінің негізділігіне сенімді бола отырып, кінәлі адамға мүлкін өз еркімен береді. Алаяқтықтың тәсілі ретінде сенімді теріс пайдалану кінәлі адамның өзінің және меншік иесінің немесе иелігінде мүлкі бар өзге адамның арасында туындаған сенімді қарым-қатынастарды пайдакүнемдік пиғылмен бөтен мүлікті немесе оған құқықты заңсыз алу мақсатында пайдалануына негізделеді. Мүлік иесінің немесе өзге адамның алаяққа сенім артуы өртүрлі мән-жайларға негізделуі мүмкін: жеке таныстығы, туыстарының және өзге адамдардың ұсынымы бойынша, кінәлінің қызметтік жағдайы

Ойыл ауданы әкімдігі



- үш айында алатын алғашқы массаж өте маңызды, маман болашақта даму ауысу болуы үшін және дамуға байланысты проблемалар болмауы үшін ана мен баланы бағыттайды». «Бір жасқа дейін массаждың барлық ауруларға пайдасы болады. Мысалы, кей неврологиялық аурулар дәрі ішпей, массаж алған жақсы. Кейде бір булшық ет өлсіз, енді бірі қатты болуы мүмкін, сондайда булшық етті қозғап, босату керек. Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегендей, кез келген адам массажды ауырмай тұрып, алдын ала ағзаны «тазарту», қан айналымын жақсарту үшін алғаны абзал. Сонда ана оның тиімділігі мен пайдасы мол болады. Нәрестеге сауықтыру жаттығуларын істеп, аурудың алдын алуға мүмкіндік бар» - дейді Назарбай Мұхамбетқалиұлы.

Массаж ісіне қызығушылық танытқан ол осы кәсіппен үш жылдан бері айналысып келеді. Осы үш жылда маман тұрақты келушілерін қалыптастырған. Көбінесе бұйындарына түз жиналып, қан қысымы көтеріліп, адам өзін жайсыз сезінген жағдайда деріңкестер массаж арқылы емдеу әдісі

қолданылатыны да тілге тиек етті. Сондай-ақ, арқа мен дене булшық еттеріне жасалынатын массаж түрі жиі қолданылады екен. Балаларда кездесетін жамбас сүйегінің дисплазиясы, қисайған мойын, майтабан, бассүйек ішіндегі қысымды саяқтыратын массаждың небір әдісін меңгерген. Ал, ересектерге жалпы массаж, классикалық, остеопатия, емдік, оңалту массаждарын жасайды.

«Кез келген сала үнемі даму үстінде, мен де білімдіміз тереңдету үшін, 2021 жылдың қараша айында «Қазак-мед» клиникасынан «Ересектер мен балалар массажы» курсың оқып келдім.

Дегенмен де, менде массаж курсың қабылдайтын нәрестелер, яғни кішкентай балалар. Осы үш жылда менен Ойыл ауданының көптеген кішкентай бөбектері массаж курсың алды. Қазірде жалғасын табуда. Алла бұйырса, массаж саласында өзімнің ойлаған арман қағасыннан көп, солардың орындалуына ынтамен жұмыс жасауға тырысамын», - дейді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.